

**Жоғары оқу орындарының
ректорларына
Ғылыми мекемелердің
басшыларына**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті 2014 жылғы 30 қазанда жоғары оқу орындары өкілдерінің қатысуымен ізденушілердің жарияланымдарына түсініктеме беру бойынша өткен жиналыстың нәтижелері негізінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін және қауымдастырылған профессор (доцент), профессор ғылыми атақтарын беру барысында ізденушілердің жарияланымдарын есептегенде төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алу қажеттілігін хабарлайды.

1. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру барысында:

- Томсон Рейтер ақпараттық базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының базасына кіретін журналдарда жарияланған мақалалар тек журналдың аталған базаларда сілтеме индексі саналған мерзімінде жарияланған жағдайда есептеледі. Мақаланың мазмұны журналдың тиісті тақырыптық бағытына сәйкес болу керек;

- Томсон Рейтер ақпараттық базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының базасына кіретін журналдардың кезекті номерлеріндегі жарияланымдар есептеледі. Яғни осы базаларда көрсетілген шығу реттілігіне сәйкес номерлерінде жариялану керек (Supplement – арнайы нөмерлерде жарияланғандар саналмайды);

- егер де мақала жарияланған уақытта аталған базаларда журналдардың сілтеме индексі саналған болса журналдардың сайтындағы мақалалар ескеріледі.

2. Қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атақтарын беру барысында:

- «Life Science Journal» журналында жарияланған мақалалар есептеледі егер де мақалалар журналдың ғылыми бағытына (Биохимия, генетика және молекулярлық биология) сәйкес болса және Web of Science (Thomson Reuters) базасында сілтеме индексі бар нөмерлерінде жарияланса;

- Томсон Рейтер ақпараттық базасында нөлдік емес импакт-факторға ие журналдардың кезекті номерлеріндегі жарияланымдар есептеледі (Supplement – арнайы нөмерлерінде жарияланғандар саналмайды).

Төраға орынбасары

Л. Бөлебаева